



Жеткіншек Гүлайхан,

Абай атындағы қазақ орта мектебінің 8 сынып оқушысы

Мақтанышым – Елбасы

Қазағымыз қиын да қызық кезеңдерді бастан кешірді. 1991 жылы тәуелсіздікке қолымыз жеткенге дейін, қаншама белестерден өттік, оны тілмен жеткізу мүмкін емес. Бірнеше жыл Ресей империясының қарамағында болып, өз дегенімізді орындай алмай, жоғары жаққа жалтақтаумен күніміз өтті. Тіпті, тіліміз бен дінімізді ұмыттық десек артық болмас. Өткен кезеңдерде де елі үшін жанын шүбе-рекке түйген, елге жау шапса атқа мініп, қолына қару алып ержүректік танытып өз елін жау қолында қалмауын ойлап, ел қорғаған батырларымыз болды. Бірақ кешегі Кеңес дәуірінде бізді өзге ұлт өкілдері кемсітіп, озбырлық жасағысы келді және жасады да. Озбырлық жасағаны сол емес пе, Д.А.Қонаев атамизды орнынан алып Мәскеуден Колбин дегенді алдыртып, Қонаевтың орнына сайлады. Қазақ халқының арлы, намысшыл ұл-қыздары бастаған Қайрат Рысқұлбеков, Ләззат Асанова, Сәбира және Ербол сияқты аға-апаларымыз қандары қайнап, алаңға бейбітшілікпен шеруге шықты. Оларды бәрібір қуғындап, ұрып-соғып, атып-шауып, түрмеге қамады. Мұның арты тәуелсіздікке ұласты. Бұрынғы Абылай ханның ақ туының астына жиналғандай, 1991 жылы Н.Ә.Назарбаевты Елбасы деп сайлағаннан соң біз де бірауыздан Елбасын қолдадық. Шүкір, қазір жетілдік. Сол бір тәуелсіздікті алған кезден бастап-ақ, еліміз оңала бастады. Ешімге жау-таңдамай, өз еркімізбен өмір сүруге бейімделдік. Тіліміз, дініміз өзімізге орала бастады. Яғни, «ақ түйенің қарны жарылып, қой үстіне бозторғай жұмыртқалады». Міне, мұның бәрі-елбасымыздың арқасы.

... Құрыштың білінбейді кетілгені,

Елімнің осы емес пе жетілгені.

Алдыңғы қатарлы елге қосылуға,

Салысып жатырмыз біз бәсекені, - деп бәсекелес 50 елдің қатарына қосылғалы жатырмыз. Өз еліміз өзге елдерге қарағанда әлдеқайда тыныш, тату, досшыл, бейбіт. Ал, басқа кейбір елдерде қан

төгіс соғыс жүріп жатыр. Мысалы: көршілес Қырғызстандағы жағдайды алайықшы. «Тфә, тфә»... Біздің ел тыныш. Еліміз - тыныш, аспанымыз - ашық, дұшпанымыз қашық, осындай елде тұратын біз - бақыттымыз. «Білгір басшың болса, адастырмайды» деген мақал бар ғой. Біздің елбасымыз да білгір, іскер, дана, шешен, кемеңгер басшы. Жылма-жыл халыққа жаңа жолдау жолдап, онда халықтың әл-аухатын жақсартуды, білімді ұрпақ тәрбие-леуді, салауатты өмір салтын насихаттауды айтып қана қоймай, орындалуына да көңіл бөліп, бар жақсылықты жасап жатыр. Біз-бақытты елдің ұрпағымыз. «Жұт-жеті ағайынды», «Апат айтып келмейді» дейді ғой, биыл біздің елде де су тасқыны болып, халық қиналды. Бірақ, Елбасымыздың бастауымен ол елдерге де көмек көрсетіліп, апат болған ауылдар қалпына келтіріліп, бүлдіршіндер үшін балабақшалар, оқушылар үшін мектептер ашылып, баспана-үйлер тұрғызылып, денсаулықтары тексеріліп, азық-түлік, киім-кешек, мал, заттай, ақшалай көмектер толассыз жөнелтілді, әлі де жөнелтілуде. Мұның өзі - Елбасымыздың көрегенділігін көрсетеді. Өз еліміз түгіл, қырғыз еліне де көмек ұйымдастыруды тапсырып жатыр. Біздің еліміздің тыныш, жайлы, бейбіт өміріне өзге елдер қызыға да, қызғана да қарайды. Қырғызстан президентінің аман қалуына да біздің елбасымыз көмектесті. Елбасымыз - мақтанышымыз! Ол-кемеңгер, дана, ақылды, парасатты, шешен, тапқыр, көреген, рақымшыл, адамгершілігі мол адам. Қай шет елге барса да оған сол елдің халқы, басшысы құрмет көрсетеді. Мұның өзі ол кісінің сыйлы, қадірлі екендігін, әлем мойындағанын айғақтайды. Біздер, Қазақстандық жас бүлдіршіндер, тап бір қиял-ғажайып ертегі әлемінде өмір сүріп жатқандаймыз. Себебі: қай жерге барып демаламыз, оқимыз десек те мүмкіндігіміз жеткілікті. Біз - бақыттан жалындап, гүлдей жайнап тұрған жасөспірімдерміз. Сондықтан да мен елбасымызды өз атамдай жақсы көремін. Жалғыз мен емес, бүкіл Қазақстандық бүлдіршіндердің елбасымызды өз аталарындай сүйетініне нық сенімдімін. Елбасымызға айтар алғысымыздың, тілер тілегіміздің шеті мен шегі жоқ, ұшан-теңіз. Еліміз тыныш, республикадағы ұлттар мен ұлыстардың тату-тәтті өмір сүруі - бәрі-бәрі Елбасымыздың арқасы!